

Іле ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі мен схемаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Іле ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 тамыздағы № 8-449 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 17 қыркүйекте № 3428 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Іле ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 465 қаулысымен

Іле ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі мен схемаларын бекіту туралы

Ескерту. Күші жойылды – Алматы облысы Іле ауданы әкімдігінің 25.12.2017 № 465 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 3-тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес, Іле ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Іле ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі осы қаулының № 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Іле ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемалары осы қаулының № 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

3. "Іле ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы Каткеева Ляззат Жакыпқызына осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және аудан әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Жүнісов Дәурен Хабдолданұлына жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі К. Медеуов

Іле ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 тамыздағы № 8-449 қаулысымен бекітілген № 1 қосымша

Іле ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Іле ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың осы тәртібі (бұдан әрі - Тәртіп) "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 шілдедегі № 767 қаулысымен бекітілген Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасына (бұдан әрі - Қағида) сәйкес әзірленген.

2. Балаларды тасымалдау тәртібі

2. Балаларды тасымалдау Қағиданың талаптарына сәйкес жабдықталған автобустармен, шағын автобустармен және әрбір балаға отыратын жеке орын беріле отырып жүзеге асырылады.

3. Балаларды тасымалдау үшін бөлінген автобустардың техникалық жай-күйі, техникалық қызмет көрсету өткізудің көлемдері мен мерзімдері, жабдықтары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген талаптарға жауап беруі тиіс.

4. Автобустармен тасымалданатын балалар мен ересектердің жалпы саны осы көлік құралы үшін белгіленген және отыру үшін жабдықталған орындардың санынан аспайды.

5. Балаларды тасымалдау бойынша қызмет көрсетуге тапсырыс беруші (бұдан әрі - тапсырыс беруші) балаларды арнайы тасымалдауды ұйымдастыруға жауапты заңды немесе жеке тұлғалар болуы мүмкін.

6. Тапсырыс беруші сондай-ақ оларға ұқсас қызмет көрсету мүмкіндігі ұсынылған жағдайда тасымалдаушының функцияларын дербес орындайды.

Бұл жағдайда тапсырыс беруші Қағиданың тасымалдаушыларға қатысты талаптарын орындайды.

7. Автобустармен балаларды тасымалдауды балаларды тасымалдау бойынша қызмет көрсетуге тапсырыс берушінің жазбаша өтінімдері негізінде тасымалдаушылар жүзеге асырады.

8. Өтінімде балаларды тасымалдау күні (күндері), уақыты, олардың саны мен жасы, жол жүру маршруты (бастапқы, соңғы және аралық пункттері), отырғызу және түсіру орындары, тегі, аты, әкесінің аты және балалардың тасымалдауын ұйымдастыруға жауаптының лауазымы және әрбір автобус бойынша еріп жүретін ересек көрсетіледі.

Тапсырыс беруші меншікті көлігін тапсырылған автобустарға қосымша бөлу жағдайында тасымалдауға арналған көлік бірлігінің бөлінетін саны көрсетіледі.

Өтінімге тапсырыс беруші ұйымның басшысы немесе оның орынбасары қол қояды.

9. Тапсырыс беруші тасымалдауды орындау алдында бұйрықпен балалардың тасымалдауын ұйымдастыру туралы шешімді ресімдейді, онда лауазымды адамдардың, топтар басшыларының, бірге еріп жүрушілердің міндеттерін, маршрутын, мезгілдерін, дайындау және жол жүруді өткізу тәртібін, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды регламенттейді.

10. Оқу орындарына тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушы жергілікті атқарушы органдармен және оқу орындарының әкімшілігімен бірлесіп маршруттарды және балаларды отырғызудың және түсірудің ұтымды орындарын белгілейді.

11. Автобусты күтіп тұрған балаларға арналған алаңшалар, олардың жүріс бөлігіне шығуын болдырмайтындай жеткілікті үлкен болуы тиіс.

Алаңдарда жайластырылған өту жолдары болады және жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарының аялдама пункттерінен бөлек орналасады.

Егер балаларды тасымалдау тәуліктің қараңғы мезгілінде жүзеге асырылса, онда алаңшалардың жасанды жарығы болуы тиіс.

Күзгі-қысқы кезеңде алаңдар қардан, мұздан, кірден тазартылуы тиіс.

12. Балаларды оқу орындарына тасымалдауға тапсырыс беруші балаларды отырғызу және түсіру орындарының жай-күйін тұрақты түрде (айына кемінде бір рет) тексереді.

13. Балалардың топтарын 22.00-ден бастап 06.00 сағатқа дейін автобустармен тасымалдауға, сондай-ақ көрінім жеткіліксіз жағдайда (тұман, қар жауған, жаңбыр) жол берілмейді.

Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол және метеорологиялық жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автобустардың қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайда тасымалдаушы рейсті алып тастауға және бұл туралы тапсырыс берушіге дереу хабарлауға тиіс.

14. Автобустардың қозғалыс кестесін тасымалдаушы мен тапсырыс беруші келіседі.

Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде (қозалысқа шек қою, уақытша кедергілердің көрінуі, бұл жағдайда жүргізушікестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайды), кесте жылдамдықты төмендету жағына (қозғалыс уақыттарының артуына) түзетілген болуы тиіс. Кестенің өзгеруі туралы тасымалдаушы тапсырыс берушіге хабарлайды, ол балаларды дер кезінде хабарландыру бойынша шаралар қабылдайды.

15. Тапсырыс беруші балаларды тасымалдайтын әрбір автобуска балалармен оларды жеткізу орнына дейін алып жүретін, тапсырыс беруші-ұйым

қызметкерлерінің немесе ата-аналарының ішінен жауаптыларды белгілейді (мектепке, өзге білім беру ұйымдарына балаларды тұрақты тасымалдауды жүзеге асырған кезде жауапты ретінде еріп жүрушілер үшін арнайы нұсқама алған жоғары сынып оқушыларын (16 жастан жоғары) белгілеуге жол беріледі).

16. Балаларды жаппай тасымалдау және балаларды алыс қашықтықтарға тасымалдау тасымалдаушы, балаларды оқытушылар немесе арнайы тағайындалған ересек адамдар (15 балаға бір ересек адам) алып барған жағдайда орындалады.

17. Балаларды жаппай тасымалдауды жүзеге асыру кезінде тасымалдаушы тапсырыс берушіден патрульдік автомобильді лектерге ілесіп жүруге бөлу туралы жол полициясы органдарының міндетті белгілеу бар жазбаша өтінімді ұсынады. Аталған белгісіз автобустар тапсырыс берушіге ұсынылмайды. Өз кезегінде тасымалдаушы балаларды жаппай тасымалдауды жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ маршруттың қозғалысын бақылауды күшейту бойынша шаралар қолдану үшін жол полициясы органдарын хабардар етеді.

18. Балаларды жаппай тасымалдауға және алыс жерлерге балаларды тасымалдауға дайындық кезінде тасымалдаушы тапсырыс берушімен бірлесіп балалардың жиналу пунктінде және келу пунктінде автобустардың аялдауы үшін алаңшалардың болуын, отырғызу алаңшаларының болуын тексереді. Отырғызу және түсіру орындары автобус тұрағынан кемінде 30 метр қашықтықта орналасады.

19. Балаларды жаппай тасымалдау үшін автобустарды бөлу кезінде тасымалдаушы лектердің (үш және одан да көп автобус кезінде көлік құралдарының қозғалыс қауіпсіздігіне немесе пайдалануға жауапты адамдардың санынан, ал екі автобус кезінде - осы автобустардың жүргізушілерінің санынан; үлкені болып тағайындалған жүргізушінің автобустарда кемінде 5 жыл жұмыс өтілі) үлкенін тағайындайды.

20. Балаларды алып жүруі үшін тапсырыс беруші белгілеген адамдар балаларды автобуспен тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша арнайы нұсқама алады.

21. Нұсқаманы жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге немесе тасымалдаушыға тиесілі көлік құралдарын пайдалануға жауапты адам жүргізеді.

22. Балалардың тұрақты тасымалдауын жүзеге асыру кезінде тапсырыс беруші мынадай мәселелер кіретін, арнайы бағдарлама бойынша балалармен тұрақты сабақтар өткізуді ұйымдастырады:

1) жиналу орындарында және автобусты күту уақытында қауіпсіздік тәртібінің ережелері туралы;

2) отырғызу және автобустан түсіру тәртібі туралы;

3) автобустың қозғалу уақытындағы және аялдауы кезіндегі тәртіп ережелері туралы;

4) тасымалдау кезінде қауіпті немесе төтенше жағдайлар туындағандағы тәртіп туралы;

5) зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету тәсілдері туралы (ересек балалармен сабақ өткізу кезінде).

Сабақты өткізу кезінде жол қозғалысы процесінде және тасымалдау уақытында туындайтын іс жүзіндегі жағдайларды талқылау үшін көрнекті құралдарды пайдалану көзделуі тиіс.

23. Балаларды тасымалдау үшін мынадай жүргізушілерге рұқсат етіледі:

1) жасы жиырма бес жастан кем емес, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және жүргізушінің бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар;

2) автобустың жүргізушісі ретіндегі кемінде соңғы үш жыл үздіксіз жұмыс өтілі бар;

3) соңғы жылдары еңбек тәртібін және қозғалысы ережесін өрескел бұзбаған.

Балаларды тасымалдауға жіберген ұйымдағы жүргізушінің жұмыс өтілі үш жылдан кем болмауы тиіс.

Сыйымдылығы 41 орынды автобустармен балаларды тасымалдауға тағайындалған, сондай-ақ қалааралық қатынастағы балаларды басқа да тасымалдаудағы жүргізушілердің автобустардағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл болуы тиіс.

24. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне мыналарға тыйым салынады:

1) сағатына 60 км артық жылдамдықпен жүруге;

2) жүру маршрутын өзгертуге;

3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, багажды немесе мүкәммалды тасымалдауға;

4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;

5) автомобиль легінде жүру кезінде алда жүрген автобусты басып озуға;

6) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;

7) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуші жоқ болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға.

25. Балаларды тасымалдауды жүзеге асыратын жүргізушілер балаларды отырғызу (түсіру) және бағыт бойынша қозғалу кезінде автобус бойынша еріп жүрушілердің нұсқауларын орындайды, егер олар Жол қозғалысы ережелеріне,

Қағида талаптарына, жол қозғалысы қауіпсіздігінің өзге де талаптарына қайшы келмесе және егер осы нұсқаулар еріп жүрушілердің құзыреті аясына кіретін болса (балалардың тәртібі, олардың денсаулығы және қауіпсіздігі).

26. Еріп жүрушілер автобуска отырғызу және одан түсіру, автобус қозғалысы кезінде, аялдау уақытында балалар арасында тиісті тәртіпті қамтамасыз етеді.

27. Балаларды автобуска отырғызу еріп жүрушінің басшылығымен және жүргізушінің бақылауымен (жаппай тасымалдаған кезде одан басқа тасымалдауды ұйымдастыруға жауаптының байқауымен) автобус толық тоқтағаннан кейін отырғызу алаңында жүргізіледі.

Көлік құралы жақындаған кезде еріп жүрушілер балалардың оның алдынан жүгіріп шығуына, жүру бөлігінің шетінде топтануына жол бермейді.

28. Еріп жүрушілер балаларды отырғызу орнына ұйымдасқан тәртіпте (кіші балаларды - екі-екіден сапқа тұрғызып) жеткізеді. Отырғызу автобустың алдыңғы есігі арқылы жүргізіледі.


29. Еріп жүруші отырғызу (түсіру) аяқталғаны туралы хабар бергеннен және автобус есіктері толық жабылғаннан кейін жүргізушіге отырғызу (түсіру) орнынан автобус қозғалысын бастауға рұқсат етіледі.

3. Қорытынды

30. Осы шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау тәртібімен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес реттелінеді.


Іле ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 тамыздағы № 8-449 қаулысымен бекітілген № 2 қосымша

"Монтажник" шаруа қожалығында тұратын балаларды Қараой ауылындағы Ы. Ноғайбаев атындағы № 18 орта мектебіне тасымалдаудың схемасы




Іле ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 тамыздағы № 8-449 қаулысымен бекітілген № 3 қосымша

"Шабыт" ықшам ауданында тұратын балаларды Междуреченск ауылындағы Ю.А. Гагарин атындағы № 16 орта мектебіне тасымалдаудың схемасы




Іле ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 тамыздағы № 8-449 қаулысымен бекітілген № 4 қосымша

Күрті ауылдық округінің елді мекенінде тұратын балаларды Ақши ауылындағы № 8 орта мектебіне тасымалдаудың схемасы




Іле ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 тамыздағы № 8-449 қаулысымен бекітілген № 5 қосымша

Еңбек ауылында тұратын балаларды Жетіген ауылындағы № 3 орта мектебіне тасымалдаудың схемасы




Іле ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 тамыздағы № 8-449 қаулысымен бекітілген № 6 қосымша

Қараой ауылдық округінің саяжайларында тұратын балаларды Қосөзен ауылындағы № 14 орта мектебіне тасымалдаудың схемасы




Іле ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 тамыздағы № 8-449 қаулысымен бекітілген № 7 қосымша

Ащыбұлақ ауылдық округіндегі "Ардагер" саяжайында тұратын балаларды М. Түймебаев ауылындағы № 19 орта мектебіне тасымалдаудың схемасы



Іле ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 тамыздағы № 8-449 қаулысымен бекітілген № 8 қосымша

Черемушки, Сахалин ықшам ауданында тұратын балаларды Боралдай кентіндегі № 17 орта мектебіне тасымалдаудың схемасы



Іле ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 тамыздағы № 8-449 қаулысымен бекітілген № 9 қосымша


"Простор" және "Финансист" саяжайларында тұратын балаларды Н. Тілендиев ауылындағы № 26 орта мектебіне тасымалдаудың схемасы



1. «Простор» саяжайы
2. «Финансист» саяжайы
3. Н. Тілендиев ауылындағы № 26 орта мектеп


Іле ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 тамыздағы № 8-449 қаулысымен бекітілген № 10 қосымша

"Еңбек", "Волна", "Гарант", "Приозерная", "Крылья" саяжайларында тұратын балаларды КазЦИК ауылындағы Ә.Молдабеков атындағы № 6 орта мектебіне тасымалдаудың схемасы




Іле ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 тамыздағы № 8-449 қаулысымен бекітілген № 11 қосымша

"Береке", "Виктория", "Металлург", "Гранит" саяжайларында тұратын балаларды Жапек батыр ауылындағы




Іле ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 тамыздағы № 8-449 қаулысымен бекітілген № 12 қосымша

№ 4 орта мектебіне тасымалдаудың схемасы Чермушки, Сахалин ықшамаудандарында тұратын балаларды Боралдай кентінің № 39 мектеп-гимназиясына тасымалдаудың схемасы




Іле ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 тамыздағы № 8-449 қаулысымен бекітілген № 13 қосымша

Қарасу және "Арман" ықшам аудандарында тұратын балаларды Өтеген батыр кентіндегі № 7 орта мектеп, М. Мақатаев атындағы № 13 орта мектебіне және бастауыш сынып мектебіне, № 38 мектеп-гимназиясына тасымалдаудың схемасы




Іле ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 тамыздағы № 8-449 қаулысымен бекітілген № 14 қосымша

Ащыбұлақ ауылдық округінің Батыр, Жер ана, Атамекен, Береке саяжайлары, 2-3 бөлімшелерінде тұратын балаларды Көкқайнар ауылындағы № 29 орта мектебіне тасымалдаудың схемасы




Іле ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 тамыздағы № 8-449 қаулысымен бекітілген № 15 қосымша

"Виктория", "Дружба", "Черемушки" саяжайларында тұратын балаларды Чапаев ауылының № 10 орта мектебіне тасымалдаудың схемасы




Іле ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 тамыздағы № 8-449 қаулысымен бекітілген № 16 қосымша

Байсерке ауылдық округінің "Финансист", "Надежда" Проектировщик саяжайларында тұратын балаларды Көктерек ауылындағы № 21 орта мектебіне тасымалдаудың схемасы




Іле ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 тамыздағы № 8-449 қаулысымен бекітілген № 17 қосымша

Байсерке ауылдық округінің Қарағайлы саяжайында тұратын балаларды Әли ауылындағы № 22 орта мектебіне тасымалдаудың схемасы




Іле ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 тамыздағы № 8-449 қаулысымен бекітілген № 18 қосымша

Жетіген ауылдық округінің Қайрат бекетінде тұратын балаларды Талғар ауданы, Дәулет ауылындағы № 11 орта мектебіне тасымалдаудың схемасы




Іле ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 тамыздағы № 8-449 қаулысымен бекітілген № 19 қосымша

Междуреченск ауылдық округі саяжайларында тұратын балаларды Қарасай ауданы Шамалған елді мекеніндегі Ы.Алтынсарин атындағы, Қазақ және Жаңа қазақ орта мектептеріне тасымалдаудың схемасы




Іле ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 тамыздағы № 8-449 қаулысымен бекітілген № 20 қосымша

Байсерке ауылдық округінде тұратын балаларды Байсерке ауылындағы № 9 орта мектебіне тасымалдаудың схемасы



Іле ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 тамыздағы № 8-449 қаулысымен бекітілген № 21 қосымша


"Терең-қара", "Қарағайлы" саяжайларында тұратын балаларды Байсерке ауылындағы № 12 орта мектебіне тасымалдаудың схемасы



1. Байсерке ауылдық округінің «Терең-қара», «Қарағайлы» саяжайлары
2. Байсерке ауылындағы № 12 орта мектебі

Іле ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 тамыздағы № 8-449 қаулысымен бекітілген № 22 қосымша

"Еңбек", "Вагонник" саяжайларында тұратын балаларды Байсерке ауылындағы № 28 мектеп-гимназиясына тасымалдаудың схемасы



1. «Еңбек», «Вагонник» саяжайлары
2. Байсерке ауылындағы № 28 мектеп-гимназиясы